



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

16 мамыр 2026 жыл Сенбі №18 (12 070)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Ерлікке тағзым

Жеңіс мерекесі – ерлікке тағзым



9 мамыр – халқымыздың жүрегінде айрықша орны бар қасиетті күн. Бұл – от пен оқтың арасынан өтіп, ел мен жердің азаттығы жолында жанын қиған боздақтардың ерлігіне тағзым ететін, аға ұрпақтың асқақ рухына құрмет көрсететін қастерлі мереке. Ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай Қарқаралы өңірінде тағылымы терең, рухы биік бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің ерлігі ұлықталды.

Спартакиада – 2026

2-бет

Ел мерейін асқақтатқан жас спортшылар



Қай заманда болсын елдің айбыны мен абыройын асқақтататын басты күштің бірі – спорт. Спорт саңлақтарының жеңісі арқылы мемлекет мерейі үстем болып, елдің еңсесі биіктей түседі. Сондықтан жас ұрпақты спортқа баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Әсіресе ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығы мен белсенділігі ел болашағына деген сенімді нығайтады.

Осы орайда Қарқаралы өңірінде өткен ауыл жасөспірімдерінің облыстық VI жазғы спартакиадасы жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, достық пен ынтымақты дәріптеген ауқымды спорт мерекесіне айналды.

12–13 мамыр күндері Қарқаралы қаласында өткен облыстық спартакиадаға Қарағанды облысының аудан-қалаларынан 500-ге жуық жасөспірім қатысты. Жарыс спорттың тоғыз түрі бойынша ұйымдастырылып, екі күн бойы жас спортшылар өзара бақ сынады.

Салтанатты ашылу рәсімі ерекше рухта өтті. Жарысқа жиналған командаларға ақжарма тілектер айтылып, жас спортшыларға сәттілік пен жеңіс тіленді. Қасиетті Қарқаралының көркем табиғатына сүйсінген қонақтар өңірдің әсем келбеті мен қонақжайлығына ризашылықтарын білдірді.

Спартакиада барысында қатысушылар спорттың әр түрінен өздерінің ептілігі мен шеберліктерін көрсетіп, тартысты бәсекелер ұйымдастырды. Жас спортшылардың жеңіске деген жігері мен қайсарлығы көрермендерді тәнті етті. Бұл жарыс тек спорттық доға ғана емес, ескеңеле ұрпақты тәртіпке, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейтін үлкен мектеп екені анық байқалды.

Бүгінде мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі – бұқаралық спортты дамыту, жастарды салауатты өмір салтына баулу және дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсаттағы ауқымды шаралар ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, талантты спортшылардың танылуына жол ашуда.

Екі күнге созылған тартысты бәсекенің қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте Қарқаралы ауданының құрамасы топ жарып, I орынды жеңіп алды. II орын Шет ауданы командасына бұйырса, III орынды Бұқар-Жырау ауданының жас спортшылары иеленді.

Бұл жеңіс – қарқаралылық жасөспірімдердің табандылығы мен бапкерлердің тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Енді Қарқаралы ауданының құрамасы республикалық спартакиадада Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

Жалынды жастардың жеңісі – ел ертеңінің жарқын екенінің айқын көрінісі. Спорт додасында топ жарған жас ерлер додасында ел намысын халықаралық аренада қорғайтын саңлақ спортшыларға айналары сөзсіз.

Жас спортшыларға алдағы жарыстарда толағай табыс, биік белестер мен жеңісті күндер тілейміз. Ел мерейін үстем етіп, көк туымызды әрдайым биікте желбірете берсін!

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ
«Қарқаралы аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі» ММ тапсырысымен.

Рух пен өнер

Қарқаралы өңірінде жас таланттардың өнерін ұлықтаған, ұлттық рухты асқақтатқан тағылымды шаралардың бірі – «Сарыарқа жұлдызы» атты облыстық эстрадалық өн орындаушылар байқауының аудандық кезеңі жоғары деңгейде өтті.

«Сарыарқа жұлдызы» өнер байқауы өтті



Аталған өнер додасы Халық қарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкұровтің 80 жылдық мерейтойына және Отан қорғаушылар күніне арналды.

Өнер мен руханиятты тоғыстырған байқау аудан жұртшылығына ерекше әсер сыйлап, жас дарындардың шығармашылық әлеуетін танытқан маңызды мәдени оқиғаға айналды. Елдік пен ерлікті арқау еткен әндер шырқалып, сахна төрінде патриоттық рух салтанат құрды. Байқаудың басты мақсаты – балалар мен жастардың музыкалық шығармашылығын дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, жас таланттарды анықтап, қолдау көрсету, сондай-ақ, ескеңеле ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру.

Сонымен қатар қатысушылардың көркемдік талғамын қалыптастырып, кәсіби шеберлігін шыңдауға баса назар аударылды.

Өнер бәйгесіне аудан көлемінен 67 үміткер қатысып, бақ сынады. Қатысушылар үш жас ерекшелігі бойынша өнер көрсетті: 7–10 жас, 11–13 жас және 14–18 жас аралығы. Әр қатысушы екі шығармадан орындап, өз қабілеттерін жан-жақты танытуға мүмкіндік алды. Оның бірі – патриоттық бағыттағы өн болса, екіншісі – еркін тақырыптағы шығарма.

Байқау барысында сахнаға шыққан әрбір жас орындаушы көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, өнерге деген шынайы сүйіспеншілігін байқатты. Әсіресе Отан, туған жер, ел бірлігі мен ерлік тақырыбындағы әндер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Жас өнерпаздардың орындауындағы жүрекке жеткен әуендер көрермен қауымның рухын көтеріп, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыра түсті.

Сахна мәдениеті, дауыс мүмкіндігі, орындаушылық шеберлік пен әнді көркем жеткізу тұрғысынан қатысушылардың өнеріне әділ баға берілді. Қазылар алқасы әр үміткердің өнеріне кәсіби тұрғыдан назар аударып, үздіктерді анықтады. Байқау қорытындысында үздік өнер көрсеткен жас таланттар анықталып, жеңімпаз лауреаттар Қарағанды қаласында өтетін облыстық «Сарыарқа жұлдызы» байқауына жолдама алды. Сонымен қатар жеңімпаздар арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

7–10 жас аралығындағы қатысушылар арасында Бас жүлде Бақыт Көркемге табысталып, оған 300 мың теңге көлемінде сыйақы берілді. I орын иегері атанған Әнуарбек Инабат 200 мың теңгеммен марапатталса, II орынды иеленген Мұхтар Аялаға 150 мың теңге табысталды. III орын Асқар Сырғалымға бұйырып, 100 мың теңге сыйақы берілді. Ал «Дипломант» номинациясының иегері Серік Ерслан 50 мың теңгелік сертификатқа ие болды.

11–13 жас санатында Бас жүлдені Шынар Хабиба жеңіп алып, 300 мың теңге көлеміндегі сыйлыққа ие болды. I орынды Тельманова Жансель иеленіп, 200 мың теңгеммен марапатталды. II орын Ермекбай Жанәлиге бұйырса, оған 150 мың теңге табысталды. III орынды Мейрам Алуа иеленіп, 100 мың теңге сыйақы алды. Ал «Дипломант» номинациясы Ақжан Еркежанға беріліп, 50 мың теңгелік сыйлық табысталды.

14–18 жас аралығындағы өнерпаздар арасында Бас жүлдені Жүнісова Еркеназ жеңіп алып, 300 мың теңге көлеміндегі марапатқа ие болды. I орын Бекетқызы Айзерге беріліп, 200 мың теңге табысталды. II орынды Төлеуғали Инабат иеленіп, 150 мың теңге сыйақымен марапатталды.

III орын Дарибеков Ернарзаға бұйырып, оған 100 мың теңге берілді. Ал «Дипломант» номинациясының иегері атанған Зарубай Аружан 50 мың теңгелік сыйлыққа ие болды. Өнер додасында топ жарған барлық жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз. Аудан сахнасында танылған жас жұлдыздар ертең ел мәдениетінің мерейін үстем етер өнер майталмандарына айналары сөзсіз. Жас дарындардың шығармашылық жолына толағай табыс, биік белестер тілейміз!

«Сарыарқа жұлдызы» байқауы – тек ән сайысы ғана емес, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен отансүйгіштік қасиеттерді дарытатын тағылымды жоба. Осындай мәдени шаралар арқылы өнерлі өрендердің таланты танылып, болашақта ел мақтанышына айналар жастардың қанаты қатая түседі.

Өнер додасына қатысқан барлық жас таланттарға шығармашылық табыс тілейміз. Өнерлері өрге жүзіп, қазақ мәдениетінің көкжиегін кеңейте берсін!

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ
«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен.

Аудандық қоғамдық-саяси газет



Қарқаралы

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	6 ай – 3485.76 тг 12 ай – 6971.52 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	6 ай – 3065.76 тг 12 ай – 6131.52 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай – 4385.76 тг 12 ай – 8771.52 тг

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2026 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Жеңіс мерекесі – ерлікке тағзым



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мерекелік шаралар Қарқаралы қаласындағы «Азалы ана» ескерткішінің жанында өткен салтанатты рәсімнен бастау алды. Ерлік пен елдіктің символына айналған қасиетті орында соғыс жылдарында қаза тапқан боздақтардың, майдангерлер мен тыл ардагерлерінің рухына тағзым жасалып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.

Тағылымды жиынға аудан басшылары, еңбек ардагерлері, Ауған соғысының ардагерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері мен жастар қатысты. Жиналған қауым сұрапыл соғыс жылдарындағы қасіретті де қаһарман кезеңдерді еске алып, ел үшін жанын құрбан еткен батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Салтанатты рәсім барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Мусин Саят Қабиденұлы, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Сайлау Әлиұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Несіпхан Жақанұлы және Ауған соғысының ардагері Серік Жұмабеков сөз сөйлеп, жиналған жұртшылықты Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен құттықтады. Олар өз сөздерінде Жеңіс күнінің тарихи

маңызына тоқталып, бейбіт өмірдің бағасын ұғындыруда аға буынның ерлігі мен өнегелі ғұмырының орны ерекше екенін атап өтті. Сондай-ақ, Отан үшін от кешкен майдангерлердің, тылда күнтүн демеі еңбек еткен ардагерлердің есімі ешқашан ұмытылмайтынын айтып, кейінгі ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызын тілге тиек етті.

Шынында да, қан майданда кеудесін оққа тосқан жауынгерлердің ерлігі мен тылдағы тынымсыз еңбектің арқасында бүгінгі бейбіт күнге қол жеткіздік. Сондықтан Жеңіс мерекесі – тек тарихи дата ғана емес, ұлт рухын ұлықтайтын, ел бірлігін бекемдейтін ұлы мереке.

Мерекелік шара одан әрі Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығында өткен «Жеңіс тойы мәңгі жасасын» атты театрландырылған концерттік бағдарламамен жалғасты. Ұлы Жеңістің рухын асқақтатқан тағылымды кеш көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Концерт барысында «Қайран жастық» ардагерлер хор ұжымы жүрекке жылы әндерін тарту етсе, «Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблі мен №2 орта мектебінің оқушылары әсерлі қойылымдар ұсынып, көпшіліктің ыстық

ықыласына бөленді. Сонымен қатар жуырда өткен «Сарыарқа жұлдызы» байқауының Бас жүлде иегері Болат Көркем патриоттық ән орындап, мәдениет қызметкерлерімен бірге мерекелік кештің ажарын аша түсті.

Ғасыр жасаған ана мерекелік ізгі тілектерге ризашылығын білдіріп, ел азаматтарына ақ батасын берді. Ардақты ананың өнегелі ғұмыры мен еңбекке толы өмір жолы кейінгі ұрпаққа үлгі екені айтылды.



Кеш барысында шырқалған патриоттық әндер мен сахналық қойылымдар көрермен көңілін тебірітті, Жеңіс рухын асқақтатты.

Соғыс жылдарындағы ел тағдыры, аналардың зары, жауынгерлердің қайсарлығы мен бейбіт өмірдің қадірі өнер тілі арқылы әсерлі жеткізілді.

Жеңіс мерекесі аясындағы тағылымды шаралардың бірі – ардагерлерге құрмет көрсету болды. Аудан басшылары Ұлы Отан соғысының ардагері, Жеңіс батыры Сұлтан Аманбаевтың өмірлік жары, тыл ардагері, бүгінде тоқсан жастан асқан қадірлі қария Райхан Мырзаханованы арнайы барып құттықтады.

Жаңа тағайындау

Аудандық полиция бөліміне жаңа бастық тағайындалды



Қарағанды облысы Полиция департаментінің Қарқаралы аудандық полиция бөлімінде кадрлық өзгеріс орын алды. 2026 жылғы 27 сәуірдегі бұйрыққа сәйкес, бұл қызметке полиция полковнигі Сейтжанов Асылбек Касқырбаевич тағайындалды.

Жаңа басшы құқық қорғау органдарында ұзақ жылдық тәжірибесі бар білікті маман. Ол 2006 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша аяқтаған.

Қызмет жолын ішкі істер органдарында бастап, тергеу және жедел-тергеу бағыттарында түрлі жауапты лауазымдарды атқарды. Еңбек өтілі барысында учаскелік полиция инспекторының көмекшісі қызметінен бастап, тергеуші, аға тергеуші, тергеу бөлімшелерінің басшысының орынбасары, сондай-ақ Теміртау, Шахтинск қалалары мен Қарағанды облысы полиция құрылымдарында басшылық қызметтерге дейін көтерілді.

Сондай-ақ ол Қарағанды қаласы полиция басқармасында және Саран қаласы полиция бөлімінде басшылық қызметтер атқарған.

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ

«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен.

Халық денсаулығы

Екпенің маңыздылығы

Екпенің маңыздылығы (вакцинация) – адам денсаулығын сақтаудағы ең тиімді әрі қауіпсіз профилактикалық шаралардың бірі.



Екпе дегеніміз не?

Екпе (вакцина) – ағзаға әлсіретілген немесе жойылған микробтарды енгізу арқылы иммунитет қалыптастыратын медициналық препарат. Ол ауру тудырмай, ағзаны алдын ала «үйретеді». Екпе салынғаннан кейін иммундық жүйе арнайы антиденелер түзеді, сол арқылы адам нақты инфекциядан қорғана алады.

Екпенің маңыздылығы

Екпе көптеген қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алады: қызылша, полиомиелит, көкжөтел, дифтерия, тұмау, гепатит және т.б. Қазіргі таңда 30-дан астам қауіпті ауруға қарсы вакциналар бар. Жыл сайын вакцинация 3,5–5 миллион адамның өмірін сақтап қалады.

Екпе тек аурудың өзін ғана емес, оның асқынуларын да болдырмайды: мүгедектік, созылмалы аурулар, өлім жағдайлары. Ұжымдық иммунитет қалыптастырады.

Егер халықтың көп бөлігі екпе алса, инфекция таралмайды. Бұл құбылыс ұжымдық иммунитет деп аталады, аурудың таралуын тоқтатады, екпе ала алмайтын адамдарды қорғайды (нәрестелер, иммунитеті әлсіздер).

Екпе арқылы: ауру ошақтары жойылады, эпидемиялар мен пандемиялардың таралуы тежеледі. Мысалы: шешек ауруы толық жойылған, полиомиелит көптеген елдерде жойылуға жақын.

Кейбір инфекциялардың алдын алу арқылы антибиотиктерді қажетсіз қолдану азаяды, бұл микробтардың төзімділігінің да-

муын тежейді.

Балалар үшін екпенің маңызы Балаларда иммунитет толық қалыптаспаған, сондықтан олар инфекцияға тез шалдығады, ауру ауыр өтеді. Екпе: баланы өмірінің алғашқы жылдарында қорғайды, дені сау ұрпақ қалыптастырады.

Көп жағдайда екпелер қауіпсіз: жеңіл жанама әсерлер болуы мүмкін (қызару, дене қызуы), ауыр асқынулар өте сирек (миллионда 1 жағдайдан аз). Ғылыми зерттеулер вакциналардың қауіпсіздігін дәлелдеген.

Кейбір адамдар: «екпе зиян», «ауруды тудырады», «аутизм шақырады» деп ойлайды. Бірақ бұл пікірлер ғылыми дәлелденбеген және жалған ақпаратқа жатады. Қазақстанда барлық балаларға екпелер ұлттық вакцинация күнтізбесіне сәйкес тегін жүргізіледі.

Ересектерге де екпе маңызды. Әр 10 жыл сайын – дифтерия мен сіреспеге қарсы.

Екпе алу ережелері Екпені тек медицина қызметкері салады. Баланың денсаулығы тексеріледі. Екпе алдында және кейін бақылау жүргізіледі.

Қарсы көрсеткіштер (уақытша) Кей жағдайда екпе кейінге қалдырылады: жоғары температура, жедел инфекциялық ауру, аллергиялық реакциялар. Бірақ бұл көбіне уақытша ғана!

Уақытында екпе алу – денсаулық кепілі!

Сәкен СИПАТУЛЛИН,
Қарқаралы ауданының
Бас мемлекеттік санитарлық
дәрігері

Тағзым

Адам баласының ғұмыр жолы – артында қалған ізімен, ел жадында сақталған еңбегімен өлшенеді. Уақыт өз ағынымен бәрін алға сүйрегенімен, кейбір асыл жандардың бейнесі жүректен өшпейді, қайта жылдар өткен сайын айқындала түседі. Мен үшін сондай мәңгілік бейне атам Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Архив саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасы «Абай» атындағы халықаралық мәдениет пен өнерді қолдау қорының шешімімен Ұлттық руханиятқа сіңірген айрықша еңбегі үшін «АБАЙ» мерейтойлық медалінің иегері – Саят Қуанышбайұлы Оспанов.



еді: қандай биікке көтерілсе де, қарапайымдылықтан ажырамау.

Жастық шағында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келіп, елге деген жауапкершілігі одан сайын арта түсті. Әскерден кейінгі жылдары оның еңбек жолы қоғам өмірінің әр саласымен ұштасып, ел игілігіне бағытталды. Тұтынушылар одағы, ауыл шаруашылығы жүйесі, кәсіподақ салаларындағы қызметтері оның ұйымдастырушылық қабілетін, іскерлігін, ең бастысы – адамға деген құрметін айқын көрсетті. Қай қызметте жүрсе де, ол кісінің басты қағидасы – әділдік пен адалдық болатын.

Уақыт өте келе оның өмір

Ғибратты ғұмыр

жолы тек басқарушылықпен ғана емес, рухани-танымдық ізденіспен де тереңдей түсті. Ол туған өлкенің тарихына бет бұрып, Қарқаралының өткені мен бүгінін зерттеуге бар күш-жігерін арнады. Архив қойнауындағы сарғайған құжаттарды ақтарып, ел есінен өше бастаған деректерді тірілтіп, тарихи шындықты жаңғырту жолында тынымсыз еңбек етті. Оның әрбір зерттеуі – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір іспетті еді.

Өлкетанушылыққа бет бұрған жылдары ол кісінің шығармашылық тынысы кеңейді. Қаламынан туған еңбектер арқылы Қарқаралының тарихы жаңа қырынан танылды. Шежіре, дерек, тағылым тоғысқан еңбектері тек ғылыми құндылық қана емес, рухани тәрбие құралына айналды. Оның зерттеулері арқылы талай ұрпақ өз тамырын танып, туған жердің қадірін ұғынды.

Үнемі ізденісте жүретін ол кісінің өмірінде кітап пен архив құжаттары ерекше орын алатын. Үйіндегі тыныштық сәттер көбіне қағаз бетіне түскен тарихпен, ойлы жазбалармен жалғасатын. «Өткенін білмеген халықтың болашағы бұлыңғыр» деген ойды жиі айтып, бізге де тарихқа құрметпен қарауды үйрететін.

Сол еңбектерінің, зерттеулерінің және қоғамдық қызметінің нәтижесінде ол кісі

ел арасында зор құрметке ие болды. Журналистер Одағының мүшелігіне қабылдануы – оның тек еңбек адамы ғана емес, руханият пен сөз өнеріне де жақын тұлға екенін дәлелдеді.

Біз үшін ол кісінің ең үлкен мектебі – мінезі мен болмысы еді. Сабырлы қалпы, асығыстыққа салынбайтын байыпты ойы, әр іске жауапкершілікпен қарауы – бәрі де өмірлік сабақ болатын. Ол кісінің жанында жүргенде сөзден гөрі іс маңызды екенін, еңбектің адамды биіктететінін сезінетініз.

Бүгінде сол асыл тұлға ортамызда жоқ. Бірақ оның бейнесі уақытпен бірге көмескі тартқан жоқ, керісінше, жүректерде айқындала түсті. Артында қалған мол мұрасы, рухани еңбектері, ел үшін атқарған істері – бәрі де оның есімін мәңгілік етеді.

Мен үшін атам – тек отбасының тірегі ғана емес, тұтас бір өмірлік бағыт берген тағылым иесі. Атамның өмірі – еңбек пен ізденістің, адалдық пен парасаттың жарқыны.

Адамдар уақытпен бірге ұмытылады, ал ізгі іс ұмытылмайды. Сол себепті атамның есімі мен еңбегі туған елдің тарихында, ұрпақтың жадында мәңгі сақталатынына сенемін.

Немересі **Саят Жансая Бауыржанқызы.**

Ол кісі 1948 жылы қасиетті Қарқаралы топырағында дүниеге келіп, тағдырын туған жерімен тығыз байланыстырды. Табиғатынан байсалды, ойлы, еңбекқор болып ескен ол жастайынан өмірдің ауырталпығын да, тіршіліктің талабын да ерте таныды. Мектеп қабырғасынан кейін еңбек жолын қарапайым жұмысшы мамандықтан – тракторист, жүргізуші болудан бастады. Бұл оның өмірлік ұстанымының алғашқы мектебі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«COPPER GROUP LTD» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы (Саумалколь кен орны) М-43-81-(10в-5а-12) (ішінара), М-43-81-(10в-5а-13) (ішінара), М-43-81-(10в-5а-17), М-43-81-(10в-5а-18), М-43-81-(10в-5а-19), М-43-81-(10в-5а-20), М-43-81-(10в-5а-22) (ішінара), М-43-81-(10в-5а-23), М-43-81-(10в-5а-24), М-43-81-(10в-5а-25), М-43-81-(10в-5а-7) (ішінара), М-43-81-(10в-5а-8) (ішінара), М-43-81-(10в-5а-2) (ішінара), М-43-81-(10в-5в-3), М-43-81-(10в-5в-4), М-43-81-(10в-5в-5), М-43-81-(10в-5г-1), блоктарында алтын құрамды кендерді анықтау мақсатында жүргізілетін барлау жұмыстарының жоспары» бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін ұсынылатын материалдар (ҚОҚБ, РЕШУ, ҚББ, ЭББ, ҚШЖ).

2. Әсер ету аймағы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы. Жұмыс учаскесінің жалпы ауданы – 37,7 км².

Координаттары:

- 49°59'00" с.е., 76°21'00" ш.б.;
- 49°59'00" с.е., 76°23'00" ш.б.;
- 49°57'00" с.е., 76°23'00" ш.б.;
- 49°57'00" с.е., 76°25'00" ш.б.;
- 49°55'00" с.е., 76°25'00" ш.б.;
- 49°55'00" с.е., 76°26'00" ш.б.;
- 49°54'00" с.е., 76°26'00" ш.б.;
- 8) 49°54'00" с.е., 76°21'00" ш.б.;

3. Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны мен уақыты: Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 19 маусым күні сағат 15:00-де, мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Нығмет Нұрмақов атындағы ауылдық округ, Колбасы ауылы, Нұрмақов ауылдық округінің Көлбасы бөлімшесі, №6 үй.

4. Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «COPPER GROUP LTD» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 91-үй. БСН: 240740009245. Электрондық пошта: tanakulov@mail.ru

5. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «MININGWELL SOLUTIONS» ЖШС. Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ш. Иманбаев көшесі, 2-үй. Телефон: +7 701 531 0511 Электрондық пошта: albina1698@mail.ru

6. Жобалық құжаттамамен <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қарағанды облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ осы қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «COPPER GROUP LTD» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағын ауданы, Сағадат Нұрмағамбетов көшесі, 91-үй. БСН: 240740009245. Электрондық пошта: tanakulov@mail.ru. Телефон: 8-705-663-15-86

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілерден кемінде 3 жұмыс күні бұрын келесі мекенжайларға жолдануы қажет: Электрондық пошта арқылы: ndbecology.gov.kz, expertiza.upr_krg@mail.ru

Пошталық мекенжай: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би ауданы, Лобода көшесі, 20. 2026 жылғы 19 маусым күні сағат 15:00-де өтетін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/4692304157?pwd=V2YfEOayAbsZDetAVJrsmo3b8oDks.1&omn=87816524724>

Конференция идентификаторы: 469 230 4157

Қатысу коды: V0NuPL

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша қызмет бастамашысының телефондарымен хабарласуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «COPPER GROUP LTD», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Материалы для получения экологического разрешения на воздействия для «План разведочных работ с целью выявления золотосодержащих руд на блоках: М-43-81-(10в-5а-12) (частично), М-43-81-(10в-5а-13) (частично), М-43-81-(10в-5а-17), М-43-81-(10в-5а-18), М-43-81-(10в-5а-19), М-43-81-(10в-5а-20), М-43-81-(10в-5а-22) (частично), М-43-81-(10в-5а-23), М-43-81-(10в-5а-24), М-43-81-(10в-5а-25), М-43-81 (10в-5а-7) (частично), М-43-81-(10в-5а-8) (частично), М-43-81-(10в-5в-2) (частично), М-43-81-(10в-5в-3), М-43-81-(10в-5в-4), М-43-81-(10в-5в-5), М-43-81-(10в-5г-1) Участка в Каркаралинском районе, Карагандинской области (Месторождение – Саумалколь) (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

2. Территория воздействия: РК, Карагандинская область, Каркаралинский район. Площадь участка работ составляет – 37,7 км2.

Координаты:

- 49°59'00" с.ш., 76°21'00" в.д.;
- 49°59'00" с.ш., 76°23'00" в.д.;
- 49°57'00" с.ш., 76°23'00" в.д.;
- 49°57'00" с.ш., 76°25'00" в.д.;
- 49°55'00" с.ш., 76°25'00" в.д.;
- 49°55'00" с.ш., 76°26'00" в.д.;
- 49°54'00" с.ш., 76°26'00" в.д.;
- 8. 49°54'00" с.ш., 76°21'00" в.д.;

3. Общественные слушания состоятся: 19 июня 2026 года в 15.00 часов по адресу: РК, Карагандинская область, Каркаралинский район, с.о. имени Ныгмета Нурмакова, с.Колбасы, Нурмаковский сельский округ отделение Колбасы, дом №6.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «COPPER GROUP LTD» Республика Казахстан, 050010, город Алматы, Медеуский район, микрорайон Кок-Тобе, улица Сағадат Нурмағамбетов, здание 91, БИН: 240740009245; e-mail: tanakulov@mail.ru.

5. Разработчик проектной документации: ТОО «MININGWELL SOLUTIONS»: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, Район «Байқоңыр», улица Ш.Иманбаева, дом № 2, тел: +7 701 531 0511, e-mail: albina1698@mail.ru.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», в разделе «Общественные слушания».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «COPPER GROUP LTD» Республика Казахстан, 050010, город Алматы, Медеуский район, микрорайон Кок-Тобе, улица Сағадат Нурмағамбетов, здание 91. БИН: 240740009245; e-mail: tanakulov@mail.ru. Тел: 8-705-663-15-86.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронному адресу: ndbecology.gov.kz; expertiza.upr_krg@mail.ru, почтовый – Карагандинская область, Караганда Г.А., р.а. им.Казыбек би, Лободы, 20.

Для участия в слушаниях 19 июня 2026 года в 15.00 часов необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/4692304157?pwd=V2YfEOayAbsZDetAVJrsmo3b8oDks.1&omn=87816524724>

Идентификатор конференции: 469 230 4157

Код доступа: V0NuPL

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефону инициатора намечаемой деятельности.

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы өңірінің аяулы азаматтары, өмірден өткен асыл жандар – Серік ИСАКОВ пен Дәмегүл АҚМАНОВАНЫ кластары терең сағынышпен еске алады.



Уақыт зулап өткен сайын адам жүрегіндегі сағыныш та тереңдей түседі екен. Кеше ғана ортамызда күліп-жайнап, ақжарқын мінездерімен айналасына шуақ сыйлап жүрген аяулы достарымыздың бүгін арамызда жоқ екеніне сену әлі де қиын. Биыл марқұм Дәмегүліміздің бақылық болғанына үш жыл толып отыр. Егер өмір жалғасқанда, 17 мамыр күні 70 жасқа толар еді. Ал өмірлік серігі Серік Исаковтың дүниеден өткеніне бір жыл уақыт болыпты.



Дәмегүл – жаны нәзік, жүрегі мейірімге толы, адамгершілігі мол жан еді. Қай кезде де кластарының қуанышын бөлісіп, қайғысына ортақтаса білетін. Жылы жүзі, биязы мінезі, сабырлы болмысы бәріміздің жадымызда мәңгі сақталып қалды. Ол жүрген орта әрдайым шуаққа, сыйластыққа толып тұратын. Адам баласына тән ең асыл қасиеттерді бойына жиган Дәмегүл достыққа адал, отбасының берекесін кіргізген ардақты жан болатын.

Серік азаматтығы биік, парасатты, көпшіл, айналасына сыйлы азамат еді. Өмірге деген байыпты көзқарасы, қарапайым болмысы, кішіпейілдігімен елдің құрметіне бөленді. Екеуі де бір-біріне сүйеніш болып, өмірдің талай белестерінен бірге өтті. Тіршілікте жарасым тапқан сол жандардың бүгінде қатар өмірден озуы жүрекке ерекше мұң ұялатады.

Кейде өткен күндерді еске алғанда, мектеп қабырғасындағы балалық шақ, жастық дәурен, бірге күлген, бірге армандаған сәттер көз алдымызға келеді. Сол бір алаңсыз күндерде ешқашан айырылмайтындай көрінетініз. Бүгінде сол достықтың, сол сыйластықтың қадірін тереңірек сезініп отырмыз. Олардың жарқын бейнесі, ақ пейілі мен адамдық болмысы кластарының жүрегінде мәңгі сақталады.

Адам өмірден өтсе де, артында жақсы аты, жарқын ізі қалады. Серік пен Дәмегүл арттарына енегелі ғұмыр, жақсы естелік қалдырған жандар. Олардың өмір жолы адалдықтың, сыйластықтың, қарапайымдылықтың үлгісі болып қала береді.

Жатқан жерлеріңіз жарық, топырақтарыңыз торқа болсын. Алла тағала жандарыңызды жәннаттың төрінен орын берсін. Арттарыңызда қалған ұрпақтарыңыз бен туған-туыстарыңыз аман болып, сіздердің жарқын бейнелеріңізді әрдайым мақтан тұтып жүрсін.

Сағынышпен еске алушылар: **кластары.**

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданының ардақты азаматы, елге сыйлы тұлға Саят Қуанышбайұлы ОСПАНОВТЫҢ өмірден өткеніне 22 маусымда 40 күн болады.



Саят Қуанышбайұлы – өмірін еңбек пен ізденіске, туған жердің тарихын тануға, руханият пен ел игілігіне арнаған парасатты азамат еді. Ол қарапайымдылығы мен байсалдылығымен, адалдығы мен адамгершілігімен айналасына сыйлы бола білді. Қай салада еңбек етсе де, елге қызмет етуді басты парызы санады.

Оның бойындағы ізгі қасиеттері – ұрпаққа үлгі, өмірлік өнеге. Адам баласының ғұмыры шектеулі болғанымен, артында қалған жақсы аты мен игі істері ешқашан өшпек емес. Саят Қуанышбайұлының өмір жолы – туған жерге деген сүйіспеншілік пен адал еңбектің айқын көрінісі. Оның айтқан ақылы, қалдырған мұрасы, көрсеткен өнегесі ел жадында мәңгі сақталады.

Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекежат, дос-жарандар, әріптестер және көршілер!

Сіздерді ардақты азамат Саят Қуанышбайұлы Оспановтың рухына бағыштап 40 күндік еске алу асына шақырамыз.

Ас 2026 жылғы 22 мамыр күні сағат 14:00-де «Сарыарқа» мейрамханасы өтеді.

Еске алушылар: **жары Рымтай, балалары, немерелері, шөберелері.**

2025 жылдың қараша айының 16 күні қайтыс болған БАДАНОВ ТИЫШТЫКБАЙ БАКИРОВИЧ атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдар Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі 21А ғимарат 3-бөлме мекенжайы бойынша (фотосалон ғимараты) нотариус Какибаев Даулет Амангельдиевичке хабарласуыңызға болады. Тел. 8 702 391 0 333.

Азамат БЛЯЛОВ АМИРХАН 01.03.2021 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 87214633016, 87014879954.

Азаматша БУДАНОВА БИБИНУР 14.07.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Илья Жақанов – 90

Осыдан жарты ғасырдай бұрын, 1978 жылдың ерте көктемінде алғаш рет Егіндібулаққа Ілекеңнің (композитор, жазушы, публицист, өнер зерттеушісі, суретші, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Илья Жақановтың) жолы түсіпті. Қар жапқан Балқантау асқақтай көрінген сәтте машинаны тоқтатып, табиғаттың осынау ғажайып түзілісіне ұзақ уақыт құмрта қараумен болады. Ілекеңнен де жарты ғасырдай уақыт бұрын Балқантаудың ғажайып келбетіне қазақ музыка өнерінің жанашыры, жинаушысы және зерттеушісі Александр Затаевич (өз күнделіктерінде Ку тауы деп жазады) солай таңырқай қараған екен. А.В.Затаевич Ку өңіріне Қазақ АСР-ы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақовпен бірге Семей бағытынан келсе, Қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторы Ілекең әйгілі өнші, халық артисі Жүсіпбек Елебековтың: «Қарқаралы – Егіндібулақ өңіріне баршы. Мәдидің екі әні – «Шіркін-ай» мен «Ушқара» өліп бара жатыр. Соларды тірілтші!» деген өтініші бойынша Қарағанды жақтан келеді. Оның үстіне, Мәди тұрасында ел арасында айтылып жүрген алыпқашты өңгімелерді бір арнаға тоғыстыруды мақсат етіпті.

Ілекең осы сапарында көп деректер жинайды. Өзгелердің сұрлеуіне түспей, бұрын-соңды жазылған еңбектерге сын көзімен қарайды. Соның ішінде, Мәди туралы жазылған көркем шығармалардың біразында өнші-композитордың өмірі нақты шындыққа жанаспайтын жағдайда, күңгірттеніп, долбармен ғана көрсетілген. Сондықтан, өнші ағаның өтініші қайталанпай Ілекең жолға шығады. Композитор халықтың ықыласы қатты ұнаған екен. Дүркіреп Қоянды жәрмеңкесі өткен өңірде ұлы тойдың туралы басылғанымен, кешегі Біржан сал, Ақан сері, Айтбай мен Жаяу Мұса, Майраның елесі жүргендей әсер етеді. Өнші, күйші қыз-келіншектер мен жігіттер көп. Оларды үйлестіруші сол тұста аудандық партия комитетінің идеология саласына жетекшілік етуші Бану Маясарованың өнерге жанашырлығы Ілекеңді тәнті етеді. Атақты Маясар ақынның немересі, мамандығы дәрігер, мәдени-рухани сауаты жоғары, ақынжанды адам өнерлі жастарды Егіндібулаққа жинастырып, зерттеушінің толық мүмкіндігінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Радиоға көп әндер жазылады, ертегіге бергісіз хикаялар шертіледі. Мәдидің «Ушқара» әнін Ілекең қарт өнші, күрескер тұлғаның туысы Қайырбек Сәрсекеевтен, «Шіркін-айды» ауыл өншілерінен естиді. Тәттімбет пен Айтбай Демікпеулы туралы деректер жинайды. Айтбайдың ғаламат талантына, оның үш ұлының да өншілігіне көз жеткізіп, әсіресе Ғаббастың қайталанбас дауысы жаңғыртқан Балқантауға құмрта қараумен болады. Осы жерде оқиғадан озып айта кетейік, сөз басында есімі ауызға алынған А.В.Затаевич Ғаббас сияқты ешкімге, тіпті өн асқары Өмірге де таң қалмаған екен. Ғаббастың трагедиялық тағдырын ақын Ілияс Жансүгіровтен естіген Затаевич өңір еңбегіне қараумен болады. Осы жерде оқиғадан озып айта кетейік, сөз сәтінде өн туып, сөзі де сөзімен жазыла қалады.

«Ауылға дейін қатынайтын «Ан-2» ұшағымен Жамбылға қайтатын күннің алдында Ықыластың немере туысы Құлыншақ деген кісінің үйінде, қобызшының тікелей ұрпағы Ермекебай есімді адамның Жайлауқөлдің жазғы келбетін суреттеген сөзі Ілекеңнің көңілін толқытып, жүрек қылын тербейді. Сол сәтінде өн туып, сөзі де сөзімен жазыла қалады.

«Аулаулап күн батса қырды асып, Кетуші ек, қалқатай, сырласып. Ұмытсам сол күнді-оу, сол күнді, кеш мені. Есте ғой, Дариға, Жайлауқөл кештері», – деген жолдар батып бара жатқан күннің бар бояуын қайта жандандырып, құбылтып думанды кеште отырғандардың көз алдына тарта қояды. Қонақжай үйдің Рабхат есімді ұлы барқыт үнді, баритон дауысты өнші екен. Мектепте мұғалім көрінеді. Өнді сол сәтте үйреніп алып, баянмен балбыратып, толқытып, кең тыныспен орындап береді. Ертесінде жайлауқөлдiктер

Қазақ әнінің Толағайы



тараған шығарма. Осыдан соң Егіндібулақ өңіріне жиі келген Ілекеңнің әр сапарынан керемет әндер туды. «Балқантаудың гүлдері», «Балқантау»... Композитордың сөзімен айтсақ, әрбір әннің көтеретін жүгі, мінезі болады. Мысалы, «Балқантаудың баурайында» – жүздесу, табысу. «Балқантаудың гүлдері» – жан сыздатын сағыныш. «Балқантау» – мәңгілік арман.

«Күн шықты көк жиектен арай-арай,

Көз талды Балқантауға дариға қарай-қарай.

Армандай өмір бақи алдарқатқан,

Жүздеселі кетеміз бе дариға, уа дариға-ай?!

Ахау, арман, Ахау жалған, Балқантау!..»

Өзінің қуатты композитор екенін қымсыбай айтатын Ілекеңнің кез-келген шығармасы – саф алтын. Дегенмен, автор үшін «Даниярдың әні», «Балқантау» және «Еділ мен Жайықтың» орны бөлек. Бұл үшеуі де керемет тенорлар сырқайтын түпсіз тұңғыш шығармалар. Жоғарыдағы ойды өрбітсек, әрбір әннің тууына себеп болатын оқиға, тарих болады. Композитордың туған жерге іңкәрлігінен өмірге келген әсерлі шығарманың бірі – «Жайлауқөл кештері». 1971 жылы қыста қылқобыздың хас шебері, күйші Ықылас Дүкенұлы туралы материал жинай жүріп кіндік қаны тамған өңірге – Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Жайлауқөлге барады. Сол жылы қыс ауыр, аязды болған екен. Ақсақалдардан Ықылас туралы естіген-білгендерін қағазға түсіреді. Ел іші – алтын бесік, қонақжай ел. Таңертең – бір үй, түсте – екіншісі, кешке – үшіншісі соғымға шақырады. Қонақтан, қариялардың өңгімелерінен қолы қалт еткенде далаға шығады. Құбыла жақта қыл-қызыл боп күн батып бара жатады. Алаулап батқан күнге қарап, терең ойға шомып кетеді.

Ауылға дейін қатынайтын «Ан-2» ұшағымен Жамбылға қайтатын күннің алдында Ықыластың немере туысы Құлыншақ деген кісінің үйінде, қобызшының тікелей ұрпағы Ермекебай есімді адамның Жайлауқөлдің жазғы келбетін суреттеген сөзі Ілекеңнің көңілін толқытып, жүрек қылын тербейді. Сол сәтінде өн туып, сөзі де сөзімен жазыла қалады.

«Аулаулап күн батса қырды асып, Кетуші ек, қалқатай, сырласып. Ұмытсам сол күнді-оу, сол күнді, кеш мені.

Есте ғой, Дариға, Жайлауқөл кештері», – деген жолдар батып бара жатқан күннің бар бояуын қайта жандандырып, құбылтып думанды кеште отырғандардың көз алдына тарта қояды. Қонақжай үйдің Рабхат есімді ұлы барқыт үнді, баритон дауысты өнші екен. Мектепте мұғалім көрінеді. Өнді сол сәтте үйреніп алып, баянмен балбыратып, толқытып, кең тыныспен орындап береді. Ертесінде жайлауқөлдiктер

композиторды ұшаққа осы әнмен шығарып салады.

Арада жылдар өткенде қазақтың төрт композиторы – Шәмші Қалдаяқов, Күнсәйін Қуатбеков, Теміржан Базарбаев және Илья Жақановтың басы қосыла қалады. Кеште сырқалған әндермен қанаттанып отырған Ілекең: – Осы «Подмосковные вечера» не деген керемет ән! – дейді. – Бұл өнге адамның қандай жан сезімі, қандай табиғат сыйып кеткен. Біздің қазақтың әуені де, әуезі де жетеді ғой. Шіркін, «Подмосковные вечера» сияқты бір өн жазар ма еді! Сонда Теміржан Базарбаев: «Илья, сен сол өнді жаздың ғой!» – дейді жұлып алғандай. Оның бетіне тандаңа қараған Ілекеңді өзіне бұрып, Күнсәйін Қуатбеков сөзді жалғастырып: «Сен жаздың. Ол – «Жайлауқөл кештері» – дейді. Көп үн қата қоймайтын Шәмші ағамыз: «Это верно!» – деп нықтап қойған екен.

Өңгіменің басында төл шығармашылығында Ілекең айрықша қадірлі туындының бірі «Даниярдың әні» дедік. Оның дүниеге келуіне көзі тірісінде Қазақстанда қараған Ілекеңді өзіне бұрып, Күнсәйін Қуатбеков сөзді жалғастырып: «Сен жаздың. Ол – «Жайлауқөл кештері» – дейді. Көп үн қата қоймайтын Шәмші ағамыз: «Это верно!» – деп нықтап қойған екен.

Қазақ телевидениесінде редактор болып қызмет жасайтын Илья танертен жұмысқа келсе, бүкіл телевидение, радиода қарбалас тіршілік қызып, бауырлас елдің жазушысы Лениндік сыйлықты алғанын өңгіме етіп, ірі іс-шаралар өткіземіз деп дуылдасып жатады. Қазақ телерадиосы мемлекеттік комитетінің төрағасы Кенжеболат Шалабаев білімді де білікті азамат таудағы демалысын үзіп, қызметіне келіп: «Бүгін Шыңғыс Айтматов лауреат болды, ертең Фрунзеге келеді. Оны қырғыздардың өзіне соқтырмай, осында әкеліп, Қазақтың телевидениесінен бірінші болып баспасөз мәслихатын өткізіміз керек. Себебі, Шыңғыстың лауреат атануына барлық жағдайды жасап кеткен – кешегі ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Сол кісінің шапағатымен Шыңғыс Айтматов, міне, Ленин сыйлығының лауреаты болып отыр», – деп тапсырма береді.

11 қазан күні Шыңғыс Айтматов Алматыға келіп, ертесіне тікелей эфирден хабар шығады. Бұл кезде жазушының «Жамила» повесінің орысша нұсқасын қайталап оқып жүрген композиторға шығармадағы кейбір эпизодтар «Даниярдың әні» деген туынды дүниеге келуіне себепші болды.

«Мен едім елімді сағынған, Туған жер дәміне табынған. Келемін, ұзақ жол – алдымда, Махаббат күтемін ауылдан. Бар өнім сен, Жәмила, Арманым сен, Жәмила, Ардағым сен Абзалым сен, қалқажаным!»

Өн туған күні бүкіл Телерадиокомитет аласапыран жағдайға түсірді. «Не деген керемет өн, бұл өн қалай туды? Айтматовқа үлкен тарту болатын болды ғой!» деген

өңгімелер желдей еседі. Ол кезде өн қазіргідей бірден орындала салмайды. Жедел ұйымдастырылған көркемдік кеңес туындыға жоғары баға береді. Шешуші дауысы бар әйгілі композитор Евгений Брусиловский толқып тұрып: «Великолечно. Это не только песня. Это что? Романс или ария? Помоему, ария!» – деп жылы лебізін білдіреді. Ол Қазақстан туралы бір патриоттық әнін Ришат Абдуллинге жаздырып, енді жұмысына кеткелі жатқан кезде шақырылған екен.

Өн 12 қазан күні тікелей эфирде орындалады. Шыңғыс Айтматов пен қазақ азушылары, журналистері, кинорежиссерлері мен актерлері, жалпы 50-60 адамнан құралған зиялылардың алдында сырқалады. Туындыны өзі қандай көркем болса, дауысы да сондай сұлу тенор, ол кезде консерваторияда оқитын Мәдеш Ниязбеков келістіре тұрып айтады. Өн орындалып біткен соң Шыңғыс Айтматов Ілекеңді құшақтап, бетінен сүйіп: «Абдан жакшы. Оқуымыш. Абдан жакшы. Ең сонын обон менің Жәмиламың ғашығы Даниярдың ең сонын обоны бұл қазақ-қырғыз тааласына шұрқал кететін кенен обон екен. Иним, саған зор ұрматым менің», – деп ақжарма тілегін жеткізді. Илья Жақановты марқайтатын, жаңын жасартатын осында асыл жандармен бірге өткізген керемет кездер. Кейін Ілекең Шыңғыс Айтматов шығармаларының негізінде бірнеше ән жазды: «Әселім – әнім», «Асылым», «Бибжан». Соның ішінде шоқтығы биік туындының бірі «Жәмиламың әні». Оны сонау тоқсаныншы жылдардың басында Қырғыз Республикасының халық әртісі Дариға Жалғасынова керемет тебіреніспен сырқанып есте.

Бүгінгі күні 90 деген торқалы жасқа толып отырған Илья Жақановты қазақ оқырмандарына таныстырудың қажеті жоқ шығар: композитор, жазушы, публицист, өнер зерттеушісі, суретші, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері.

Туып-өскен жері Жамбыл облысының Сарысу ауданы болғанымен, шығармашылығы Сарыарқамен тығыз байланысты Илья Жақанов осынау алаптың сал-серілері туралы «Біржан сал», «Ақан сері», «Үкілі Ыбырай», «Естай өнші», «Жаяу Мұса», «Мәди», «Майра», «Балуан Шолақ», т.б. зерттеулер жариялады. Қазақстан композиторлары Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Сыдық Мұхамеджанов, Қапан Мусин, Бақытжан Байқадамовтың шығармашылық портреттерін сомдады. Деректі көркем прозада «Қайта оралған ән», «Хощ бол, вальс», «Бірінші концерт», «Екі жирен», «Махаббат вальсі», «Аққулар қонған айдын көл», «Ықылас» (әйгілі қобызшы туралы роман 1989 жылы қырғыз тілінде «Кертологоо» деген атаумен шықты), «Қарабұра» және басқа да кітаптары жарық көрді. Оның сценарийлері бойынша «Шоқан екені музыка», «Жамбыл және музыка», «Сәкен және музыка», т.б. деректі фильмдер түсірілді.

Дегенмен, Илья Жақанов ең алдымен – композитор. Оның әр шығармасы кейдейсоқ әуен емес, авторының тағдырында дербес орны бар ғажайып туынды. Оны тебіреніп, жүрегінен өн болып өрленген қазақ жерінің осынау сұлу жаратылысы, сергек ойлы, парасат-пайымы зор адамдары екені түсінікті.

Токсандық тарланның қайталанбас туындылары бүгінгі тұндарманды қалай толқытса, санасында сәулесі бар адамдарды алдағы уақыттарда да, тіпті әрдайым рухани шаттыққа бөлей беретіні күмәнсіз.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

Естелік

Адамзат тарихында ұмытылмас небір замана зауалын басынан кешірген қазақ елінің бастан өткен ауыртпашылығын бір сөзбен жеткізу оңай емес... Соның бәрінде «мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының ерлігі мен өрлігі, батырлығы мен қаһармандығы бүгінгідей жарқын болашаққа жеткізді. Жеңістер мен жетістіктерге жеттік.

«Брест қорғанында шайқасқан қазақ»



Күні кеше 80 жылдығын атап өткен Ұлы Жеңістің аяқталғанына ғасырға жуықтаста да, алапат соғыстың жарасы жазылар емес... Иә, ол сан мыңдаған ұрпақтың санасында сақталып, жадында жатталар шерлі шежіреге айналды. Сондықтан болар, «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» дейтін сөздің әр жыл сайын қайталанатыны...

Менің әкем Садықов Ырысбай 1916 жылы 9 мамырда қазіргі Қасым Аманжолов (Фрунзе) ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген екен. Бір өкеден туған үш баланың екеуі қыз (Әкіш пен Мәкіш) болса, бір ұл – менің әкем Ырысбай еді. Жасынан еңбекпен шыңдалып өскен әкем ауыл баласына тән еңбекқорлықпен ауылдың тыныс-тіршілігіне қатысты шаруаның бәрін бастан кешірді.

Сөйтіп жүріп, көзі ашық, көкірегі ояу, зерделі бозбала жігіттердің бірі болды. 1938–1939 жылдары көптің басына түскен нәубетті кезең қарсаңында әскери борышын өтеуге аттанады. Әскер қатарында жүріп, соғыс қаруының ең бір «болжаусыз» әрі қауіпті түрі – мина қою және минадан қауіпсіздендіру бағыты бойынша арнайы курстан өтеді. Беларусь жерінде әскери қызметін өтеп жүрген әкеміз Ырысбай 1941 жылы майданға аттанады.

Бүкіл бейбітшіл халықтың басына түскен бұл алапат соғыс талай жас пен көрініс қабырғасын қайыстырып, талай боздақты құрбан етті. Соғыс өрті жоймаған талай шайқастың отына күйе жүріп, әкеміздің Брест қамалына жеткені, жауға қарсы күресте батылдық пен төзімділіктің, ерен ерліктің үлгісін көрсеткені біз үшін, әрине, мақтаныш! Алайда сол қантөгісте әкем екі рет ауыр жарақат алса да, Брест қорғанын қорғауда жан аямай, ең соңғы әрі ауыр шайқастардың біріне қатысқаны тарихтан белгілі.

Осындай қайсарлық пен жеңіс жолындағы ерліктің арқасында «За отвагу», «За боевые заслуги» және басқа да орден-медалдармен марапатталуы – оның кеудесіндегі төсбелгілерінен айқын көрінеді. Жеңістің туын желбіретіп, тұғырын бекіткен батыр жауынгерлермен бірге елге оралды.

Бірнеше жылға созылған соғыстың алапатын өңсеріп, майдандағы жеңісті жақындатуға үлес қосып, өлшеусіз еңбегімен қажымас қайраттылық танытқан әкем Ырысбай ауылдың бейбіт өміріне араласа бастады. Соғыстан кейінгі тылдағы еңбек майданын қалпына келтіру жұмыстарына белсене кірісті. Әкеміз Ырысбай Садықұлы біраз

уақыт сауаттандыру саласында мұғалімдік қызмет атқарып, халықтың білімін көтеруге өзіндік үлесін қосты.

Еңбекпен майданның алдыңғы шебінде шыңдалған ауыл азаматы Кеңес колхозының «Аққора», «Сарыобал», Қарағаш елді мекендеріндегі ауыл шаруашылығы саласында көп еңбек сіңірді. Меңгерушіліктен бастап әр қызметтің тізгінін ұстап, абыроймен атқарып, ел-жұртына сыйлы, беделі жоғары азаматтардың қатарында болды.

Бейбіт өмірдің оңайлықпен келмеген қадір-қасиетін сезіне жүріп, өмірлік жары Мұсабекқызы Мархабамен көтерген шаңырағында 6 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірді. Екі бәйтерек – әке мен ананың татулық, ынтымағының арқасында өнегелі отбасы қалыптасты.

Иә, соғыс салған жазылмас жарадан «Тірі жүрмін» десе де, жүрекке түскен жан жарасы әр Жеңіс күнінде ғана емес, жау күндердің өзінде сыздап, елес емес, өмір шындығы болып қала берді. Ұрпағына бейбіт күннің, ашық аспанның қадірін ұғындыруға тырысатын. Әке тағылымы біз үшін баға жетпес, өлшеусіз мұра болды.

Жеңіс туы желбіреп тұрса да, оның тұғырлы болуы үшін кеудесін оққа тосқан кешегі жауынгер, бүгінгі ардагер атаңан қаруластарымен 1976 жылы әкеміз батыр қалаларды аралап қайтты. Қаш кешкен кешегі майдан даласына барып, жеңіс жолында қаза болған батырларға тағзым етті. Мәңгілік ізі өшпейтін ауыл жұрдардың қантөгісін жүрекпен сезініп, ерекше толғаныста жанарларын жасқа толтырған сәттері де осы кездер еді.

Әкеміз тірлігінде айтпаған, айта алмаған ғұмыр баянын, майдан жолдарын анықтай түсу үшін көп іздендім. «Белгісіз солдаттай» талай ерлікке толы кездерді біз үшін әлі де құпия. Дегенмен, әкеміз осы бір фотосуретіне қарап, елі мен жерін қорғаған қаһарман жауынгердің келбет-тұлғасын көргенде, «Менің әкем!» деген мақтаныш кеудемізді көрнейді.

Біз есейіп, жоқты іздеп, барды бағалар сәтте көптеген мәліметтің сақталмағаны да жанға батады. Өмірден өткеніне жарты ғасыр өтсе де, әкеге деген сағыныш пен құрмет кейінгі ұрпақтың жадында сақталсын деген ниетпен осы естелікті жазуға ұмтылдым.

Жауынгер әкенің ерлік пен еңбектегі өнегелі жолын, ауызекі естеліктерін, үлкендердің өңгімелерінен естіген мағыналы сөздерін бөліскен ауылдастары мен көзкерген жақын-жуық, ағайынның да үлесі зор. Сондықтан да бала кезімде әскерлімген әке ерлігі мен еңбегі мәңгілік тарихқа жазылып, есімі ұмытылған жоқ. Олар ел жайында, ұрпақтары – біздің жүрегімізде мәңгі сақталары жақ!

Олар сыйлап кеткен бейбіт күндердің аспанын бұлт шалмай, болашағымыз тек жарқын болса екен деген тілек – кешегі батыр әкелердің рухымен бірге жасай бермек. Брест қорғанындағы жан аямас шайқаста «Жеңіс» деген ұлы сәт сыналған шақта ерлікпен қан төккен қазақтың бірі – менің әкем Ырысбай еді.

Садықова Гүлбаршын Ырысбайқызы
2026 жыл, мамыр

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKZKXK БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою күшімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 4 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 18